



ЖҰМЫСШЫҒА –  
ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



«БІР ҒАЛЫМДЫ  
КӨРСЕҢІЗ...»

9-БЕТ | МЕРЕЙ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЖҰРТЫМЫЗ ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН МАРАПАТ –  
ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ. ШЫН МӘНІНДЕ,  
ҚОҒАМДА ТАТУЛЫҚ БОЛМАСА, БАСҚА  
ЖҰМЫСТЫҢ БӘРІ БЕКЕР БОЛМАҚ.  
БЕРЕКЕ-БІРЛІГІМІЗДІ САҚТАЙ АЛМАСАҚ,  
ҚАСТЕРЛІ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БАЯНДЫ  
БОЛУЫ ДА ЕКІТАЛАЙ.



№50  
(4794)

Бейсенбі  
1 мамыр  
2025 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІКТЕ



### ЖЕҢІС ТУЫН ТІККЕН КҮН

Ұлы Отан соғысының батыры, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев 1945 жылы 30 сәуірде Рейхстагқа қызыл ту тігіп, алғаш рет Жеңістің жалауын желбіретті.

Тарихи оқиғаға орай Астана қаласы Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің қолдауымен, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының «Ұрпаққа аманат» зияткерлік клубы және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен батырға тағзым ету, ерлігін еске алу іс-шарасы өтті.

«30 сәуір – қазақтың ер-жүрек батыры, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен тарихи күн.

Бұл – халқымыздың батырлық рухының, ел үшін жан аямай күрескен ерлердің өшпес ерлігінің нышаны. Рақымжан атамның ерлігі – тек тарих бетінде емес, жүректе сақталатын, ұрпаққа өнеге болатын ұлы мұра. Сондықтан бүгінгі жастар үшін бұл ерлік – елге қызмет етудің, намысты бәрінен жоғары қоюдың нақты көрінісі» деп атап өтті Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері Марат Мұстафин.

### ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛАДЫ

Биыл елордада бір миллионнан астам жасыл желек отырғызылады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден мәлім етті.

«Елордамыз жасыл желекке бөленеді. Биыл Астанада 1 миллионнан астам жасыл желек – ағаштар, бұталар, көпжылдық және біржылдық гүлдер отырғызылады. Жоспарға сәйкес: қала бойынша 38 қоғамдық және 152 аула аумағын көгалдандыру, ағаштардың электрондық төлқұжаттарын енгізу, жасыл желекті цифрландыру мен мониторинг жүргізу, LRT желілерінің астындағы аумақтар да қамтылатын жаңа қоғамдық кеңістіктерді құру көзделуде» деп атап өтті мәслихат төрағасы.

### Құрметті елорда тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі шуақты мереке күнтізбемізде ерекше орын алады. Бұл мейрам әртүрлі этнос өкілдері арасындағы ауызбіршіліктің, достық пен өзара сыйластықтың символына айналды.

Бірлігіміз, бір-бірімізге деген сый-құрметіміз және еліміздің болашағы үшін ортақ жауапкершілік – егемендігімізді нығайтып, әрқайсымызға қуат беретін негізгі құндылықтар.

Ауызбіршілігіміз бен татулығымыздың арқасында елордамыз нық қадам басып, ауқымды жобаларды жүзеге асырып жатыр әрі озық идеялардың орталығына айналып келеді. Бүгінгі мерекеге орай баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және толағай табыс тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі

1-4  
МАМЫР

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

10:00-ден 22:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді. Сонымен қатар күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23, сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 584.82 \$ USD/KZT 515.16 ₸ RUB/KZT 6.24 ¥ CNY/KZT 70.67

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады. Мемлекет басшысына холдингтің былтыр атқарған жұмысы туралы есеп беріліп, биылғы жоспары таныстырылды.

Басқарма төрағасының айтуынша, өткен жылы холдинг тарапынан 6 триллион теңгеге жуық қолдау көрсетілген. Оның 4,1 триллион теңгесі ірі, орта және шағын бизнеске, ал 1,9 триллион теңгесі тұрғын үй-құрылыс секторына бағытталған. Қасым-Жомарт Тоқаевқа былтыр холдингтің активтері 14,1 триллион теңгеге жеткені жөнінде баяндалды. Инвестициялық және несие портфелі 10,3 триллион теңгеге дейін ұлғайып, таза табыс 416 миллиард теңгені құрады. Рустам Қарағойшиннің айтуынша, бұл қаржыны холдингтің компаниялар тобы аясындағы бағдарламаларды іске асыруға жұмсау жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Оның бірі шағын және орта бизнесті қолдауға арналған, ал екіншісі құны 7 миллиард теңгеден асатын ірі жобаларды қаржыландыруды көздейді. Бұдан бөлек, Президентке тікелей инвестиция тарту бойынша бірқатар бастама, соның ішінде шетелдік серіктестермен бірлескен қорлар арқылы ауыл шаруашылығы, өңдеу және тау-кен металлургиясы салаларында жобалар жүзеге асырылатыны жөнінде мәлімет берілді. Аталған қорлар «Астана»

халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында құрылады.

Мемлекет басшысы еліміздің орнықты экономикалық дамуы үшін ұсынылып отырған бастамаларды орындаудың маңызын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» холдингіне екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, экономиканың нақты секторын қаржыландыруды, Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту ұлттық жобасын іске асыруға қаржы тарту мәселесін шешуді тапсырды. Президент алға қойылған жоспарларды тиімді іске асыру қажет екеніне баса назар аударды.

## ШЕРУДІ ТАМАШАЛАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 5-7 мамыр күндері Қазақстанға Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бас хатшысы То Лам мемлекеттік сапармен келеді.

Жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы

қазақ-вьетнам ынтымақтастығын дамыту перспективасы талқыланады. 7 мамыр күні Вьетнам Коммунистік партия-

сы Орталық Комитетінің Бас хатшысы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Астанада өтетін әскери парадты тамашалайды.

## МӨЛШЕРЛЕМЕ 16% БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ

Мәжіліс депутаттары жаңа Салық кодексін екінші оқылымда қабылдады. Алғашында Үкімет ұсынған 20% мөлшерлеме 16% дейін төмендеді. Қосылған құн салығы бойынша міндетті тіркеудің шегі 15 млн-нан 40 млн теңгеге дейін ұлғайды.

Дәрілік заттар мен медициналық қызметтерге қосылған құн салығының төмендетілген мөлшерлемелері енгізіледі: ол 2026 жылдан бастап 5%, 2027 жылдан бастап 10% болады.

Сирек кездесетін және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу аясындағы тауарлар

мен қызметтер қосылған құн салығын төлеуден босатылады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары мен отандық басылымдарды, сондай-ақ баспа түріндегі кітаптарды басып шығару қызметтерін қосымша құн салығын төлеуден босату

жоспарланып отыр.

Ойын бизнесі мен банктер үшін корпоративті табыс салығы мөлшерлемесі 25% дейін көбейді. Ал банктер үшін кәсіпкерлік субъектілерін несиелеуден түсетін кірістер бойынша мөлшерлеме 20% деңгейінде қалды.

## МЕЖЕ САҚТАЛДЫ

Мәжіліс Салық кодексі мен оған ілеспе заңды екінші оқылымда қаулап, қабылдады. Осы орайда Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов сән-салтанат салығы бойынша Үкімет ұсынған меже сақталғанын айтты.

«Байлық салығы бойынша (сән-салтанат салығы) біз ұсынған меже сақталды. Енді заңды Сенатта талқылау кезінде ұсыныстар болса, тағы да қарастыруымыз

мүмкін. Мәселен, автокөлік құны 75 млн теңгеден асса, қосымша акциз қойдық. Ал жиынтық құны 450 млн теңге болатын жылжымайтын мүлік иелерінен де қо-

сымша салық өндіреміз» деп түсіндірді Мәжілістің жалпы отырысынан кейін тілшілердің сұрағына жауап берген құзырлы министрлік өкілі.

## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Люксембург Премьер-министрі Люк Фриденмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын талқылады.

Әсіресе, энергетика, қаржы, цифрлық технология, инновация және басқа да салалардағы өзара тиімді кооперация

мәселесіне баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Люк Фриден Еуропа Одағы аясындағы серіктестік әлеуе-

етін пайдаланудың, сондай-ақ Бенилюкс елдерімен ықпалдастықты күшейтудің маңызына назар аударды.

## АЛҒЫС ХАТ ЖОЛДАДЫ

Жуырда А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы еліміздің медицина тарихында тұңғыш рет бір мезетте үш науқасқа үш донордың бүйрегін тоғыспалы трансплантация тәсілімен салатын аса күрделі операцияны сәтті өткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі хирург, профессор Болатбек Баймахановтың жетекшілігімен жасалған бұл операцияны отандық медицинаның зор жетістігі ретінде бағалап, орталық ұжымына Алғыс хат жолдады.

«Мемлекет денсаулық сақтау саласын дамытуға баса мән береді. Бұл ретте көптеген іргелі

бастама қолға алынып, ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Соның нәтижесінде ұлттық медицина қарқынды дамып келеді. Сіздер жасаған бірегей операция – соның айқын дәлелі. Қазір еліміз өте күрделі трансплантациялық операция жасайтын әлемдегі алты мемлекеттің қатарына кіреді. Бұл жетістікке отандық мамандардың, соның ішінде өз-

деріңіздің қажырлы еңбектеріңіз бен ерекше білімдеріңіздің, сондай-ақ теңдессіз тәжірибелеріңіздің арқасында жетіп отырмыз. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Болашақта да ұлт саулығын жақсарту үшін тынымсыз тер төгіп, халқымызға қалтқысыз қызмет ете бересіздер деп сенемін» делінген Алғыс хатта.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ДЕНІ ЦИФРЛАНДЫРЫЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында құрылыс саласын цифрландыру және қала құрылысы кадастры мәселесі қаралды. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Дмитрий Мун, сондай-ақ IT саласының өкілі Алмас Нұрғалиев баяндама жасады.



Олжас Бектенов биылғы бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша құрылыс жұмысының көлемі 1 трлн теңгеден асқанын, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17%-ға жоғары екенін жеткізді. Сондай-ақ 3,7 млн м² тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл былтырғы көрсеткіштен 7,5%-ға артық.

«Еліміздің көптеген өңірінде құрылыс жұмысының қарқыны арта түскені байқалады. Бұдан саланың орнықты дамуын көруге болады. Жалпы құрылыс секторы еліміздің инфрақұрылымдық негізін қалыптастырады. Көптеген жұмыс орны құрылып, бизнестің дамуына және азаматтардың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді» деп атап өтті Премьер-министр.

Олжас Бектенов құрылыста цифрлық шешімдерді енгізу құрылыс жобаларын іске асыру

мерзімдерін едәуір қысқартуға, шығындарды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Бүгінде инженерлік инфрақұрылымның 90%-дан астамы цифрландырылды. Рұқсат құжаттамасын беру және жобаларды келісу бойынша мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру іске қосылды. Egov.kz порталы арқылы қол жеткізуге болатын үлестік құрылыстың бірыңғай тізілімі құрылды.

Премьер-министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша осы жылдың соңына дейін құрылыс саласының қолданыстағы барлық порталдың бірыңғай платформада интеграциялайтын, «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша қала құрылысын жоспарлаудан бастап нысандарды пайдалануға беруге дейінгі өзекті ақпараттардың бар-

лығы жинақталатын бірыңғай ақпараттық жүйе іске қосылатынын атап өтті. Осыған байланысты жүйені іске қосу үшін барлық өңір әкімдіктеріне осы жылғы 1 қазанға дейін инженерлік желілер схемалары мен қала құрылысы құжаттарын цифрландыруды аяқтау тапсырылды. Сондай-ақ Премьер-министр құрылыс министрліктеріне, өңір әкімдіктеріне және «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясына 89 қалада инфрақұрылымдық деректердің бірыңғай геопорталы арқылы рұқсат құжаттамасын беру мен эскиздік жобаларды келісудің қанатқақты жобасы аясында анықталған деректердің сәйкессіздігін жою міндетін жүктеді.

## «АСТАНА ТАЗАЛЫҚ» ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Елорда мәслихатының депутаттары қалада санитарлық тазалықпен айналысатын «Астана Тазалық» ЖШС жұмысымен танысты. Кәсіпорын 2008 жылы Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен құрылған. Негізгі қызмет бағыты – қаланың көшелерін санитарлық тазарту.

Қазіргі таңда «Астана Тазалық» ЖШС 207 көшеге және оларға іргелес жатқан тротуарларға қызмет көрсетеді. Бұл – елордадағы негізгі магистралдардың шамамен 40%-ын, яғни жалпы ұзындығы 370,4 км болатын аумақты қамтиды. Кәсіпорында 2500-ге жуық адам жұмыс істейді, арнайы техниканың саны – 428. 2023 жылдың қазан айынан бастап барлық техникаға жанармай деңгейін бақылауға арналған датчиктер орнатылды. Бұл жанармай шығынын орта есеппен 37%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Қыс мезгілінде ай сайынғы үнем 60-80 млн теңгені құрады. Техникалар GPS-трекерлермен жабдықталған, бұл маршруттар мен жанармай құю процесін бақылауға, рұқсатсыз төгу мен



ұрлықтың алдын алуға мүмкіндік береді. Кәсіпорын басшылығы қаламызда санитарлық нормаларды тұрақты түрде бұзып, көшелер мен жолдарды ластайтын бірқатар нысан бар екенін атап өтті.

«Бекітілген абаттандыру ережелеріне сәйкес, нысандардан шығатын жерлерде қоқыс пен лайды сыртқа шығармау үшін тазалау шаралары қарастырылуы тиіс» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

## БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Қазпошта» акционерлік қоғамының астаналық филиалында мерзімді басылымдарға жазылу науқанының басталуына орай «Баспасөзге жазылушылар күні» іс-шарасы өтті.

Республикалық және өңірлік газет-журналдардың басшылары мен өкілдері, сондай-ақ оқырмандар қатысқан іс-шараны ашқан «Қазпошта» АҚ астаналық филиалы директорының орынбасары Аслан Мәсекеев пошта қызметі мен мерзімді баспасөз редакциялары арасындағы кәсіби әріптестіктің маңызын атап өтіп, алдағы уақытта да өзара байланыс жалғасын таба беретініне сенім білдірді.

Астаналық поштаның кең залында «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Айқын», «Литер», «Turkistan», «Astana aqshamy», «Вечерняя Астана» газеттері мен «National Geographic Qazaqstan» журналының арнайы сөрелері ұйымдастырылып, баспасөз өнімдері жұрт назарына ұсынылды.

Мерекелік жиын барысында редакция өкілдері мерзімді басылымдардың күнделікті қабылдануын, сұрыпталуын және жеткізілуін қамтамасыз етіп жүрген үздік пошта қызметкерлеріне алғыс білдіріп, сый-сияпат тапсырды.



«Elorda Aqparat» медиасеріктестігі атынан пошта тасушы Күлкен Мұхамедина марапатқа ие болды.

«Баспасөзге жазылушылар күні» мерекесіне жылда қатысамын. «Astana aqshamy» газетінің тұрақты оқырманымын. Елордадағы барлық жаңалықты осы басылымнан оқимын. Биыл бұл газетке 35 жыл толып отыр. Міндетті түрде жазыламын және қала тұрғын-

дарын төл газетімізді қолдап, екінші жартыжылдыққа жазылуға шақырамын» дейді мерекелік іс-шараға келген байырғы оқырманның бірі Бауыржан Қасен.

Сонымен, газет-журналдарға жазылу науқаны басталды. «Astana aqshamy» газетіне жазылу «Астана пошта» мекемесінде және редакцияда жүргізіледі.

## ЕКПЕ ТЕГІН САЛЫНАДЫ

Бас қалада 27 сәуір мен 3 мамыр аралығында «Барлығы үшін иммундау – адамның қолынан келеді» ұранымен иммундау апталығы өтіп жатыр. Науқан жұқпалы аурулармен күресте профилактикалық егулердің маңызы туралы халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен брифингте халықты вакцинациялау бойынша жүргізіліп жатқан шаралар туралы қаланың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айгүл Шағалтаева мен Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлназ Досмырзаева айтып берді. Апта бойы қаланың барлық емханасындағы екпе егу бөлмелері сағат 08:00-ден 17:00-ге дейін жұмыс істейді. Вакцинацияны тегін алуға болады, тұрақты тіркеудің болуы маңызды емес.

Елорданың бас санитарлық дәрігерінің ақпараты бойынша елде вакциналардың қауіпсіздігі мен сапасын

қамтамасыз ету үшін барлық шара қабылданды. 2013 жылдан бастап елге әкелінетін вакциналардың әрбір партиясы міндетті мемлекеттік тіркеуден және сертификаттаудан өтеді.

– Иммундау – бұл әр азаматтың құқығы ғана емес, міндеті. Жоғары вакцинацияның арқасында ғана қауіпті инфекциялардың таралуын болдырмауға болады. Биыл бірінші тоқсанда елордада қызылшаның 149 жағдайы, А вирусты гепатитінің 65 және көкжөтелдің 49 жағдайы тіркелген. Бұл ретте қызылшамен ауырғандардың 84%-ын 14 жасқа дейінгі балалар құрайды. Науқастардың негізгі үлесі – вакцинацияланбаған немесе вакцинацияның толық емес

курсын алған адамдар. Қызылша – ең жұқпалы инфекциялардың бірі, оның жұқтырғыштық индексі 95-96% құрайды. Балалар арасында ауру көбінесе пневмония, отит, энцефалит сияқты ауыр асқынулармен өтеді. Көкжөтел әсіресе кішкентай балалар үшін қауіпті. Астанадағы сырқаттану деңгейі басқа өңірлермен салыстырғанда жоғары. Аурудың таралу көрсеткіші елордада республика бойынша орташа деңгейден 4,4 есе артық, – деп атап өтті Айгүл Шағалтаева.

2006 жылдан бері елордада балаларды А вирустық гепатитіне қарсы иммундау жергілікті қаражат есебінен жүргізіліп келеді. Алайда соңғы екі жылда екі жасар балалар арасын-

**Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!**

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – тәуелсіз еліміздің маңызды әрі ерекше күндерінің бірі. Қазақстан халқының бірлігі күні – түрлі этнос өкілдері арасындағы достықты нығайтып, ашық әрі сындарлы диалогқа жол ашатын, мәдени әртүрлілігіміздің жетістіктерін айшықтайтын мейрам.

Осы шуақты көктем күнінде баршаңызға шын жүректен зор денсаулық, береке-бірлік, отбасы амандығы мен бейбіт өмір тілеймін!

Достық, өзара түсіністік пен тапұлық ортақ болашағымыздың берік іргетасы бола берсін!

**Игі тілекпен, Астана қаласы мәслихатының төрағасы**  
**Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН**

**Құрметті ардагерлер мен астаналықтар!**

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – еліміздегі түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің өзара достығы мен тапұлығын дәріптейтін, бейбітшілік пен келісімнің мерекесі.

Еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек ардагерлері, сіздер шынайы бірлік пен Отанға деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісісіздер. Өнегелі өмір жолдарыңыз, береке мен бірлікке негізделген қызметтеріңіз – жас ұрпаққа үлгі. Сіздерге зор денсаулық, шаттыққа толы ғұмыр, жанұяңызға амандық пен бақ-береке тілеймін! Елімізде әрдайым тыныштық пен ынтымақ, бейбіт өмір болсын!

**Ізгі ниетпен, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы**  
**Сансызбай ЕСІЛОВ**

**Құрметті қала тұрғындары және қонақтар!**

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – көпұлтты еліміздің береке-бірлігін, достығы мен өзара түсіністігін айшықтайтын маңызды мереке. Қазақстанда сан ұлт пен ұлыс өкілдері ортақ мақсат пен мүдде жолында бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. «Діні, тілі басқа болса да, тілегі бір» деген қағиданы берік ұстанған халқымыздың тапұлығы – мемлекетіміздің басты байлығы мен қуатты тірегі.

Еліміздегі ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықтың арта беруіне, бейбіт өмір мен жарасымды ынтымақтастықтың нығая түсуіне тілектеспін.

Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, мол табыс, баянды бақыт пен амандық тілеймін! Бірлігіміз бекем, болашағымыз жарқын болсын!

**Ізгі тілекпен, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы**  
**Зулфухар ҒАЙЫПОВ**

## САПТА СЫМБАТТЫ – ҰРЫСТА АЙБАТТЫ

Астана қаласында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай білім беру ұйымдарының 8-11-сынып оқушылары және колледждердің 1-2-курс студенттері арасында «Сапта сымбатты – ұрыста айбатты» атты сап және ән байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты – жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді, әскери тәртіп пен ұйымшылдықты қалыптастыру, сондай-ақ Отан алдындағы жауапкершілікті ұғындыру. Қатысушылар саптық дайындық деңгейін, біркелкі қозғалысты, пәрмендерді орындау шеберлігін және әскери-патриоттық әндерді орындау дағдыларын көрсетті.

Әділқазылар алқасы командалардың саптық жүрісін, пәрмен-

дерді дұрыс орындауын, сыртқы келбетін, сондай-ақ ән айту шеберлігін бағалады. Байқау барысында оқушылар мен студенттер өздерінің дайындығы мен үйлесімділігін, рухын айқын көрсете білді.

Шара соңында үздік шыққан командалар марапатталып, оларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Байқау жас ұрпақтың бойына патриоттық рух пен жеңімпаздық жігерін сіңіретін тағылымды іс-шараға айналды.



да вакцинация деңгейінің төмендеуі ауру жағдайларының өсуіне себеп болды: 2023 жылы 175, ал 2024 жылы 196 жағдай тіркелді. Иммундау жыл сайын миллиондаған адамның өмірін сақтайды. Вакцинация 30-дан астам қауіпті жұқпалы аурудан қорғайды дейді мамандар. Олар қала тұрғындарын балаларын уақытылы егуге шақырады. Дәрігерлер вакцинация – дифтерия,

полиомиелит, қызылша, көкжөтел, гемофильді инфекция, пневмококк инфекциясы сияқты нақты емі жоқ инфекциялардан қорғаудың жалғыз тиімді әдісі екенін еске салады. Мамандардың айтуынша, вакцинацияланған адамдар неғұрлым көп болса, болашақта қауіпті инфекциялардың пайда болу ықтималдығы соғұрлым аз болады.



# ЕЛОРДАНЫҢ ТАТУЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

## ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА-ның XXXIV сессиясында: «ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты. Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен – жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені – жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде «Бірлік бар жерде ғана бірлік бар». Бұл – ақиқат» деді.

Татулық тұғырын биіктете түскен елорданың этномәдени бірлестіктері және ассамблея жанындағы қоғамдық ұйымдардың атқарып отырған істері де айтарлықтай.

Өткен 2024 жылы Астана қалалық ассамблея хатшылығы мен Астана әкімдігі жанындағы «Қоғамдық келісім» ҚМҰ және этномәдени бірлестіктерінің қатысуымен 295 іс-шара өтіп, оған 76 мыңнан астам адам қатысты. 7784 адамға әлеуметтік көмек көрсетілді.

Соңғы деректерге көз жүгіртсек, қазіргі күнде Астанада 1528887 адам тұрады. Оның 150 мыңға жуығы орыс ағайындар болса, қалғандары – басқа да ұлт өкілдері. Яғни жергілікті халықтың үлес салмағы 82 пайыздан асады деген сөз. Жалпы Астана халқының тұрғындары ҚХА-ның қызметімен танысқан адамдардың үлес салмағы 135000 адамды құраған. Бұл – жалпы елорда халқының 9 пайызы. Мәселен, өткен жылы этносаралық қарым-қатынасты насихаттауға бағытталған 1784 материалдар

Осыдан 30 жыл бұрын, 1995 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан халқы ассамблеясы құрылып, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуда өлшеусіз үлесі бар бірегей ұйымға айналды. Тәуелсіз еліміздегі бірлік пен тыныштықтың символындай, этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде әлемге танылды. Бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі мен тәжірибесін қалыптастырды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Бүгінде ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге еліктеп, жан-жағымызға жалтақтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық әдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болу керек.

Қазақстан халқы ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзінен

әлеуметтік желілер мен БАҚ беттерінде жарияланды. Бұл шығарылымды 60 мыңға жуық адам қараған.

## ОТАНШЫЛДЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙДІ

Ассамблея әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін орталыққа айналды. Оның ішінде отбасы институтын сақтау және ұлтаралық, мәдениетаралық байланысты нығайту, жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеп, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында ассамблея жанындағы ақсақалдар кеңесі мен аналар кеңесінің рөлі ерекше.

Бүгінгі таңда ассамблеяның құрамына 23 этномәдени бірлестік кіреді. Ақсақалдар мен аналар алқасы, ғылыми-сараптама және баспасөз орталығы, журналистер, блогерлер мен «Мәміле» пікірталас клубы тұрақты жұмыс істейді. Волонтерлердің жұмысына қатысты жаңа жобаларға үнемі қолдау көрсетіледі.

Астанада 17 этномәдени бірлестік бар. Олар: орыс, корей, неміс, шешен-ингуш,

украин, өзбек, армян, қырғыз, татар-башқұрт, болгар, қарақалпақ, ұйғыр, поляк этностары. Жалпы 36 өнер ұжымы жұмыс істейді. Былтыр олардың қатысуымен 4 көркемөнерпаздар фестивалі өтті. Ашығын айтсақ, қазіргі күнде Астанадағы Достық үйі ассамблеяның ауқымды бастамаларын жүзеге асыратын, яғни жалпыұлттық ықпалдастықты нығайтатын орынға айналды. Мемлекет басшысы айтқандай, біз Достық үйін этномәдени бірлестіктердің бас қосатын орны ғана емес, қоғамдық кездесулер мен талқылаулар өтетін, тың бастамалар мен идеялар туындайтын, жергілікті қоғамдық ұйымдардың дамуына жол ашып, жақсы бастамаға тірек болатын, бірлік, жасампаздық, өрлеу сияқты құндылықтарды дәріптейтін орталыққа айналуына мүмкіндік жасауда. Осындай маңызды іс-шаралардың бірқатарына тоқталып өтсек, «Алтын күн» балалар патриоттық ән фестивалін айтуға болады. Фестиваль Астанадағы Қазақстан халқы ассамблеясының демеушілі-

гімен жыл сайын өтеді. Оған қалалық ҚХА шығармашылық ұжымдарының, «Бақытты шаңырақ» және «Ерекше мерекелер» қоғамдық қорларының балалары қатысуда. Жоба қатысушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға, сондай-ақ бір-бірін көбірек білуге көмектеседі. Қазақстанның киелі жерлеріне саяхат тұрақты жолға қойылған. Онда жастар мен Астана қаласы ҚХА өкілдері еліміздің көрнекі жерлерін аралап, тарих беттерін парақтайды. Сондай сапардың бірі Солтүстік Қазақстан облысында өтті. Екі күндік экскурсия Петропавл қаласының көрікті жерлерін және облыстың тарихи-мәдени орындарын аралап, Айыртау ауданындағы «Айғаным» және «Сырымбет» саяжайларында болды. Жыл сайынғы «Жастар жолы» жастар лагерінің жастардың бойында көшбасшылық қасиеттер мен шығармашылық әлеуетті дамыту, қатысушылар арасындағы байланыс пен өзара түсіністікті нығайту, адамгершілік және патриоттық сезімдерді қалыптастыруда орны зор.

# ДОСТЫҚ ҮЙІНІҢ МӘРТЕБЕЛІ МЕЙМАНДАРЫ

Достық үйі халықтық дипломатия тәжірибесін дамыта отырып, өз алаңында шетелдік делегацияларды, сондай-ақ қалалық мекемелер мен кәсіпорындардың ұжымдарын тұрақты түрде қабылдайды.

Достық үйінің қабырғасында Болгарияның вице-президенті Илияна Йотова, Нельсон Манделаның немересі, Тембикеле Мандела Ндидека қорының басшысы, Италия, Ресей Федерациясы, Армения, Ингушетия, Әзербайжан, Өзбекстан, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан парламенттерінің спикерлері мен депутаттары, Помор академиясының (Польша) өкілі Дорота Сметана-Боловко, Башқұртстан Республикасының басшысы Р.Ф.Хабиров болды.

этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдарының қатысуымен «Біргеміз» би-музыкалық фестивалі өтті. Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мерекелік кеште балалар арасында сурет байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Ұлттық домбыра күнін мерекелеу аясында елордалық ҚХА өкілдері №1, 2, 3 көпсалалы қалалық ауруханаларда жаңа туған нәрестелерге ҚХА логотипі бар домбыра тарту етті. Жыл сайын аталып өтетін татар ұлттық мерекесі –



Өткен жылдың 6 тамызында Достық үйінде танымал поляк түркітанушысы, саясаттану магистрі Якуб Яксик болды. Кездесу барысында құрметті мейманға экскурсия ұйымдастырылып, ҚХА қызметімен және ЭМБ жұмысымен танысты. Жылы және достық жағдайда өткен әңгімелесу барысында қатысушылар түркі мәдени мұрасын сақтау мен дамытуға қатысты мәселелерді талқылады, сондай-ақ бірқатар өзекті тақырып бойынша пікір алмасты.

Үндістаннан келген қонақтар – Сунил Амбекар және Пунит Гаур Достық үйінде ерекше жылы шыраймен кездесу өтті. Дөңгелек үстел барысында кездесуге қатысушылар этносаралық келісім, халық дипломатиясының маңызы және тарихи жадының сақталуы мәселелерін талқылады. Мәселен, 200-ден астам этникалық топтан тұратын Үндістан ынтымақтастығы мүмкіндіктер тұрғысынан Қазақстан үшін елеулі қызығушылық тудырады.

Елорда күніне орай «Жер-ұйық» саябағында қалалық

«Сабантой» өткен жылы татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің 30 жылдығына орайластырылды. Бұл күні бірлестіктің шығармашылық ұжымдары, соның ішінде «Дуслық» халық ансамблі, сондай-ақ Қазақстан мен Татарстан Республикасынан шақырылған әртістер өнер көрсетті.

2019 жылдан бастап қалалық Достық үйінде «Мәміле» қазақ тілі клубы жұмыс істейді. Клубтың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін арттыру, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, Қазақстан халқының сан ғасырлық бірлігін, ынтымағын, рухани келісін сақтау және одан әрі жетілдіру. «Руханият» білім беру орталығының жоғары білікті оқытушысы Сағым Естемісова сабақты қызықты әрі пайдалы өткізудің түрлі әдісін қолданып, сол арқылы қатысушылардың мемлекеттік тілді оңай әрі тиімді меңгеруіне көмектесетінін айта кеткен жөн.

Бірліктің бесігі – елорданың Достық үйі ынтымақтастықтың үлкен алаңына айналып келеді.



Бетті дайындаған Айгүл УАЙС



## СЫНДАРЛЫ СҰХБАТ АЛАҢЫ

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты, сараптамалық қолдауды жүзеге асырады. Негізгі міндеттерінің қатарына этностардың, әлеуметтік-саяси процестердің жай-күйі мен динамикасының тұрақты мониторингін жүргізу, этносаралық саладағы жағдайды зерттеу, болжамдық бағалау, қатерлерді анықтау, этнодемографиялық және этноэкономикалық даму процестерін зерттеу кіреді.

Сонымен бірге этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарды ерте ескертудің кешенді жүйесін қалыптастырудың этносаралық саясатын ғылыми-әдістемелік қолдау, осы саладағы зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүйелеу, үйлестіру мен сабақтастықты қамтамасыз ету, этносаралық қатынастар саласындағы кешенді талдамалық және болжау қызметінде бірыңғай тәсілдерді қалыптастыруды да қамтиды.

Институт құрылымы бірнеше орталықты құрайды. Атап айтқанда, әкімшілік-қаржылық қамтамасыз ету орталығы, ксенофобия проблемаларын зерттеу, этносаралық жағдайды мониторингілеу, әдістемелік және білім беру бағдарламалары орталығы, қолданбалы зерттеулер және этномедиа орталығынан тұрады.

Қарапайым адамдардың өзара тілдесіп, қарым-қатынас жасауының да өзіндік сыр-қыры бар. Ал этносаралық диалогтар қоғамның бірлігін сақтауға мүмкіндік береді. Сол арқылы қақтығыстардың алдын алу және шиеленісті азайтуға қол жеткіземіз. Ұлттың бірлігін нығайту, жалпы төзімділікті арттыру арқылы мәдени тәжірибе алмасуды ынталандыру, мемлекет пен

этникалық қауымдастықтар арасындағы сенімділікті арттыруда осындай бірлігі жарасқан жерде салтанат құрады. Керісінше болған жағдайда, яғни тікелей, шынайы қарым-қатынас болмаса, шеттетушілік туындайды, сенімсіздік күшейеді, нәтижесінде әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төнетіні белгілі.

Этникалық тақырыптарда сөйлесу кезінде қаперде жүретін бірнеше жағдайға тоқталып өтуге болады. Мұндайда адамдар төменде аталған қиындықтарға тап болуы мүмкін. Әңгімелесушінің сезімін ренжітуден немесе байқаусызда ренжітуден қорқу. Білімнің жетіспеушілігі мен басқа этностардың тарихы мен мәдениетін нашар түсіну де кедергі келтіреді.

Дәстүрлердегі, мінез-құлық нормаларындағы, діни аспектілердегі айырмашылықтарды түсінбеу, диалог тәжірибесінің болмауы әңгімені неден бастау, оны қалай дұрыс құру керектігін білмеу де адамдар арасындағы әдемі сұхбатқа зиян келтіреді.

Этносаралық тақырыптарда, әсіресе диалог форматында әңгіме бастамас бұрын әлеуметтік-мәдени, тарихи және психологиялық контексті түсіну өте маңызды. Бұл дайындық сындарлы қарым-қатынастың негізін қалады.

Қатысушы тараптардың мәдени ерекшеліктерін зерттеу маңызды. Әр топтың дәстүрлері, тілі, діні және әдет-ғұрыптары туралы негізгі ақпаратты білу. Бұл ыңғайсыз жағдайларды болдырмайды және құрмет көрсетеді. Мысалы, кейбір мәдениеттерде тікелей көз байланысын агрессивті деп санауға болады, ал басқаларында бұл құрмет белгісі.

Этникалық топтардың өзара әрекеттесуінің тарихи негізін түсіну дегеніміз не? Әрбір этникалық топтың өзіндік тарихи жады, оның ішінде жағымды және травматикалық оқиғалар бар. Бұл естеліктерге құрметпен қарау – сенімнің негізі. Депортация, кемсітушілік, жанжал кезеңдерін ескеру өте маңызды. Сонымен қатар сезімтал тақырыптарды бағалай білу де қажет. Қандай тақырыптар ауыртпалықпен немесе арандатушылықпен қабылдануы мүмкін? Мысалы, тіл, жер, дін, тарих мәселелеріне талқылау кезінде жан-жақты біліммен, байыпты түрде, сұхбаттас адамыңызға әсер ету жолдарын алдын ала анықтап, дайындықпен басталғаны дұрыс.

**Жансая АКАНОВА,**  
**ҚР МАМ жанындағы**  
**Қолданбалы этносаяси**  
**зерттеулер институты**  
**этносаралық жағдайды**  
**мониторингілеу орталығының бас менеджері**

## ҰСТЫНЫ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстандағы неміс қауымдастығының соңғы 30 жылдағы тарихы мәдени бірегейлікті сақтаудың күрделі процесін көрсетеді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көптеген этникалық немістер Германияға қоныс аударып, Қазақстандағы қауымдастықтың көлемін айтарлықтай қысқартты. Дегенмен қалғандары неміс мәдениетін сақтауға белсенді түрде кірісті. 1989 жылы Алматыда неміс диаспорасының қызметін үйлестіру орталығына айналған «Возрождение» қоғамы құрылды.



2000 жылдары көпмәдениетті мемлекет тарапынан қолдау неміс диаспорасы үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Неміс мәдени орталықтары, мектептер мен неміс тілі курстары құрылып, Германиямен алмасу бағдарламалары ұйымдастырылды. Бұл қадамдар тарихи отанмен байланысты нығайтып, неміс дәстүрін жастарға жеткізуге жағдай жасады. «Возрождение» Қазақстан немістері қоғамының негізгі мақсаты – көпмәдениетті қоғамда неміс мәдениеті мен этникалық топтың өзіндік ерекшелігін сақтау. Оның жұмысының маңызды бағыттарына неміс тілін үйренуге қолдау көрсету, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және дәстүрлерді сақтау кіреді.

Елорданың барлық мәдени орталықтарындай неміс қоғамы сан алуан мәдени-ағарту бағдарламаларын жүзеге асырады. Оның қатарына этнолингвистикалық жексенбілік мектеп, этномәдени компоненті бар қолданбалы өнер, би және вокалдық үйірмелер, аспаптық ансамбль кіреді. Бұл бастамалар мәдениетті сақтауға ғана емес, әртүрлі ұрпақтар арасындағы белсенді қарым-қатынасқа септігін тигізіп, дәстүрлерді келесі ұрпаққа жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар отбасы академиялары, лингвистика сайттары, балалар мен жасөспірімдерге арналған

лагерлер, фестивальдар үнемі өтіп тұрады. Бұл іс-шаралардың барлығы біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастыруға және ҚХА аясында этносаралық байланысты нығайтуға ықпал етеді.

«Возрождение» қоғамының қызметі қазақстандық бірегейлікті нығайтуға белсенді ықпал етуде. Қоғамдастық мүшелері немістің де, қазақтың да салт-дәстүрін құрметтей отырып, мәдени-ағарту жұмыстары арқылы ұлттық бірегейлікті дамытады. Бұл этностар арасындағы байланысты нығайтып, көпұлтты Қазақстанға ортақ сезімді қалыптастырады.

Неміс қоғамдастығының Қазақстан халқы ассамблеясы ұйымдастыратын концерттерге, байқауларға және фестивальдерге белсенді қатысуы неміс мәдениетін танымал етуге және оның елдің әлеуметтік және мәдени өміріндегі рөлін нығайтуға ықпал етеді. Бұл іс-шаралар бірегейлікті сақтауға ғана емес, халықтар арасындағы өзара сыйластыққа ықпал етеді. Қоғамның маңызды жетістіктерінің бірі – ұрпақтар сабақтастығы. Бұл – салт-дәстүрді сақтап қана қоймай, келешек ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін басты міндет. Барлық жас топтарына арналған бірлескен іс-шаралар тарихи жадыны сақтауға және үлкендерге құрметті тәрбиелеуге көмектеседі.

Бұл үдерісте білім беру бағдарламалары маңызды рөл атқарады. Неміс тілі курстары, вокал және би үйірмелері, аспаптық ансамбль және театр ұжымы жастарға өздерінің мәдени болмысын түсінуге, бағалауға және Қазақстанның әлеуметтік өміріне араласуға көмектеседі.

Қазақстан халқы ассамблеясының мерейтойлық жылында елорданың неміс қауымдастығы өзінің мәдени бірегейлігін сақтауды жалғастырып, көпмәдениетті Қазақстанды дамытуға белсенді атсалысатынын атап өткен жөн. Немістер де басқа этностар сияқты ұлттық бірлікті нығайтуға, жалпы ұлттық бірегейлікті дамытуға үлес қосуда. Қазақстан халқы ассамблеясы соңғы 30 жылда мәдени әртүрлілік кедергі емес, елдің өркендеуіне ықпал ететін құндылық екенін көрсетті. Неміс диаспорасы Германиямен байланысын нығайтып, дәстүрін болашақ ұрпаққа жалғастырып, өз бастамаларын дамытуды жалғастыруда.

Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы – жетістіктер мен жаңа белестердің уақыты. Неміс қоғамы осы көпқырлы үдерістің бір бөлігі ретінде Қазақстанның дамуына елеулі үлес қоса отырып, өз болмысын сақтап қала береді.

Бетті дайындаған Айгүл УАЙС

## БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Астана қаласы Есіл ауданындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы мен Бірлік күніне орай «Бір шаңырақ астында» мерекелік концерті өтті.

«Іс-шараны «Қазына» салт-дәстүрлерді дәріптеу ұжымы ұйымдастырып отыр. Бұл ұжым біздің ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді көріністер арқылы дәріптеп жүр. Концерттік бағдарламада олар жақсы өнер көрсетті. Бұл ұлттар арасындағы достықты қолдаудың бір ұраны деп білемін. «Асыл мұра» домбыра ансамблінде 30-ға жуық адам бар. Олар республика және түрлі облыс аумағында жоғары өнер көрсетіп жүр. Жалпы орталықтағы өнер ұжымдары қаладағы атаулы іс-шараларға белсенді қатысады» деді орталықтың мәдени іс-шараларды ұйымдастыру маманы Гүлшат Әбуакирова.

«Асыл мұра» домбыра ансамблі попури орындап, көрменнің ықыласына бөленді. Ал «Бәйтерек» ансамблі «Бейбітшілік сақталады» әнін өз ырғағында орындап шықты. «Қазына» салт-дәстүрлерді дәріптеу ұжымы Құрманғазының «Балбырауын» күйін және Н.Тілендиевтің «Ата толғауын» тартты. Концерт барысында түрлі халық әндері шырқалды. Мерекелік концертке 66 жастағы Майра Хамитова қатысты. Ол бұрыннан бері домбыра шертіп келеді екен.

«Мен 44 жыл мектепте мұғалім болып жұмыс істегенмін. Зейнетке шыққан соң, 2022 жылы Белсенді ұзақ өмір сүру

орталығына келіп, бүгінде түрлі үйірмеге қатысып келемін. «Асыл мұра» домбыра ансамбліне қосылдым. Өзім домбырада бұрыннан бері ойнаймын. Бізде ансамбль мүшелері тек бір аспапта ғана ойнамайды. Шығармашылық нөмірге байланысты ауысып отырамыз. Жалпы 24 адамбыз, оның ішінде ең үлкені 75-те, ең жасы 63 те. Біз ұжым болып концерттерге тыңғылықты дайындаламыз» дейді елорда тұрғыны.

Концерт барысында әжелерден құрылған топ көрермендерге «Астанаға келген ауыл әжелері» көрінісін ұсынды.

«Біздің өнер ұжымы 2023 жылы ақпан айында құрылды.



Осы уақытқа дейін түрлі жарысқа қатысып, жүлделі орындарға ие болдық. Одан бөлек, аудан орталықтарына барып, сайыстарға

қатысып тұрамыз. Біз бесікке салу, қыз ұзату, құда күту сияқты түрлі салт-дәстүрлерімізді насихаттап жүрміз. Жалпы

ұжымда 4 ата мен 11 әже бар» дейді «Қазына» салт-дәстүрлерді дәріптеу ұжымының жетекшісі Зағипа Жаналиева.



## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Елордада қалалық Білім басқармасы мен Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтар болашағы: бизнес пен білім берудің серіктестігі» атты республикалық форум өтті. Жұмысшы мамандықтарының имиджін ілгерілетуге бағытталған жиынға 2000-нан астам адам қатысты.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Форумда Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің өкілдері, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, әдістемелік орталықтар, Халықты жұмыспен қамту орталығы, «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, бизнес қоғамдастықтың жетекші мамандары, колледж директорлары мен студенттері жиналды. «Әлем өзгеруде – біз де өзгереміз!» атты ұранмен өткен іс-шара техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының әлеуметтік серіктестерімен ынтымақтастығын дамытуды, жас мамандарды еңбек нарығына бейімдеп, олардың мансаптық өсу мүмкіндіктерін кеңейтуді мақсат етті.

Жиын басында сөз алған Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қоғамда еңбек адамын құрметтеуге басымдық берудің маңызын айта келе, Жұмысшы мамандықтары жылына орай Астанада 100-ден аса іс-шара өткізу жоспарланғанын мәлімдеді.

– Еңбек – елдің еңесін көте-

ретін, қоғамды алға сүйрейтін үлкен күш. Әрбір қаланың көркі де, әрбір мемлекеттің қуаты да еңбек адамының қолымен жасалады. Еңбек нарығындағы жаңа трендтер, дуальды оқыту жүйесін дамыту, жастарды жұмысқа орналастыру мәселелері талқыланған осындай диалог алаңдары білім беру мен бизнестің арасын жақындатып, жастарға нақты мүмкіндіктер ұсынады.

Жұмысшы мамандықтары жылына орай елордада барлық 32 колледждің модернизациясы жүргізілді. Оның аясында техникалық және кәсіптік білім беру орындарына академиялық дербестік берілді. Модернизациядан өткен бұл оқу орындары нарықтың сұранысына сай икемделіп, студенттерге оқу бітірмей тұрып, кәсіпорындарда жұмысқа тұруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ «Жаңа мамандар атласы» жобасы аясында мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасында жаңа кәсіптердің бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бүгінде Астана еңбек нарығының қазіргі талаптарына сай білім беру ортасын қалыптастыру бағытында ауқымды жұ-

мыс атқаруда. Қалада, айтқандай, 32 колледж жұмыс істейді, онда 76 мамандық пен 126 біліктілік бойынша кадрлар даярланады. Әсіресе инженерия және цифрлық технологиялар саласына баса мән берілуде. Соңғы бірнеше жылда сұраныстағы мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқыту бағдарламасының арқасында 10 мыңнан астам жас білім алды, – деді Е.Берікұлы.



Форумда қатысушылар техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту стратегияларын талқылап, Қазақстанның еңбек нарығы үшін мамандар даярлау мәселелерін шешу жолдары бойынша пікірлермен алмасып, түрлі бастаманы ортаға салды. «Бизнес және білім беру» пленарлық отырысында спикерлер техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы өзекті мәселелерді айтып, еңбек нарығының қажеттіліктерін анықтау, дуальды білім беру жүйесін дамыту жолдарын қарастырды. Сонымен бірге бірқатар колледж жетекші кәсіпорындармен меморандумға қол қойды.

Студенттердің нақты еңбек нарығындағы жағдайға жеткілікті түрде дайын болмауы – саладағы негізгі мәселенің бірі. Ел экономикасын дамытатын басты тетік – сапалы білім мен жұмыс берушілермен тығыз әріптестік. Аталған мәселе «Кәсіптік білім берудегі инновациялар» атты отырыста кеңінен айтылды.

– Техникалық, кәсіптік білім беру саласын және жұмыс берушілермен арадағы байланысты арттыру бағытындағы реформалар еліміздегі экономиканың жалпы өсімін арттыруға септеседі. Маңыздысы – студенттің қолындағы дипломы ғана емес, іс жүзін-

де нақты жұмыс істей алу қабілетінің де болуы. Сондықтан жұмыс берушілердің білім беру ұйымдарына қолдау көрсетуі аса қажет, – деді құрылыс компаниясының директоры Сағат Жұмабаев.

Одан кейінгі «Еңбек қызметі және мансаптық өсу» отырысында табысты кәсіпкерлер мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы ақпарат берді.

Форум кезінде студенттер стартаптарын және трендті идеяларын TEDx форматында таныстырып, өздерінің инновациялық жобаларын көпшілікке ұсынды. Солардың қатарында Astana IT University колледжінің студенттері Даяна Арапбекова, Ақмарал Арынтай және Адель Біржанова әзірлеген жоба бар. Жастар колледждердегі білім алушылардың сабаққа қатысуын бақылайтын автоматтандырылған мобильді қосымша ойлап тапты.

– Бұл жоба қазірдің өзінде біздің колледжде қолданысқа енгізілген. Осындай ауқымды форумда оны таныстыру – біз үшін үлкен мақтаныш. Қосымша оқытушыларға сабаққа кімнің қатысып отырғанын бірден анықтауға және бұл мәліметті әкімшілікке жедел жолдауға мүмкіндік береді. Бұл білім берудегі үдерісті жеңілдетіп қана қоймай, бақылау сапасын да арттырады, – деп бөлісті жоба авторлары.

## ЖОЛДАР ЖАҢАРЫП, ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР САЛЫНАДЫ

Кеше Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында елорданың тұрғын алаптарында инженерлік желілер мен жол инфрақұрылымының құрылысы барысы мен жоспары талқыланды. Бұл жұмыстармен жауапты басқармалардың басшылары таныстырды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Асхат Қарағойшиннің мәлімдеуінше, биыл елорданың тұрғын алаптарында 8 жобаны іске асыру жоспарланған. Тиісті жобалар Оңтүстік-шығыс, Көктал-1, Интернациональный, Мичурин, Күйгенжар, Железнодорожный, Комсомольский, Үркер тұрғын алаптарында жүзеге асады. Атап айтқанда, Оңтүстік-шығыста 1-кезең жұмысы аясында 6 көшеде жол қозғалысы ашылды, ал 2-кезең шеңберінде жоспарланған 14 көшенің 7-уінде жол құрылысы аяқталды. Интернациональнійда жоспарланған 27 көшенің 7-уі, Железнодорожныйда 17 көшенің 7-уі салынды. Үркерде 16 көшеде биыл тротуарлар салынып, 5 бағдаршам орна-

тылмақ. Осы жылы Мичурин, Интернациональный, Күйгенжар тұрғын алаптарында көшелер бойымен су құбырлары салынады. Сонымен қатар Нұрбесік, ЛПУ, Көктал-1, Кирпичный, Өндіріс, Казгородок, Оңтүстік-шығыс (оң жақ), Промышленный, Шұбар, Тельман, Үркер тұрғын алаптарында сумен қамту, су бұру құбырлары, электр желілері секілді инженерлік инфрақұрылым тартылады.

«Биыл тұрғын алаптарда 11 көшеде орташа жол жөндеу жұмысы жүргізіледі. Жақында Промышленный, Оңтүстік-шығыс тұрғын алаптарын араладық. Бұл елді мекендердің жолдарын ауыр жүк көліктері бүлдіріп тастаған. Биыл осындай жолдарды жөндейміз» деді Асхат Қарағойшин.

Елорданың Коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Сыздықовтың

айтуынша, осы жылы аталмыш ведомство 2 жобаны аяқтауды жоспарлап отыр. Бұл жобалар Үркер мен Кирпичный тұрғын алаптарында орналасқан. Ал Промышленный мен Шұбарда биыл 2 жоба басталмақ. Тағы 5 жоба жобалану кезеңінде. Олар келесі жылы іске аспақ.

Қазіргі таңда Кирпичный тұрғын алабында ұзындығы 5,8 шақырымды құрайтын кәріз жүйесі салынды. Тиісті жұмыстың 92 пайызы аяқталды. Дренаж желілері 100 пайыз дайын. Сондай-ақ су құбырының 11,7 шақырымы салынды. Бұл – тиісті жұмыстың 84 пайызы. Ал нөсер кәрізін салу жұмысы 50 пайызға орындалды.

Қалалық Энергетика басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Исмағұлов тұрғын алаптарды газдандыру жұмысымен таныстырды. Оның айтуынша, қаланың 14 тұрғын алабы газбен қамтамасыз етілген. Соның



ішінде 200 мың тұрғында газ желілері жеткізілді. Осы жылы Шұбар және Тельман тұрғын алаптарын газдандыру аяқталмақ. Тиісті қаржы бөлінген.

«Бүгінде Сарыарқа, Алматы, Есіл және Нұра аудандарының кейбір бөлігі газдандырылған. Осы уақытқа дейін Шұбар тұрғын алабын газдандыру жұмысы 95 пайызға аяқталды. Шыңғыс Айтматов көшесінен бастап Қайым Мұхамедханов көшесі бойымен газ құбырының құрылысын бастадық. Қажетті құрылыс-монтаждау жұмысын жүргізіп жатырмыз» деді Мақсат Исмағұлов.

Баяндамашы Үркер және Тельман тұрғын алаптарын газдандыру бойынша жұмысты жеткізе келе, тек Өндіріс тұрғын алабы мен Garden Village коттедждер қалашығы газдандырылмай қалғанын айтты. Биыл бұл тұрғын алаптардағы жобалар мемлекеттік сараптамадан өтіп, осы жылдың соңында және келесі жылы құрылыс-монтаждау жұмысы жүргізілмек. Жалпы елорданы газдандыруды 2026 жылдың соңында толығымен аяқтау жоспарланған.

Мақсат Исмағұлов тұрғын алаптарды электрмен қамту

туралы да айтып, Өндірістігі желілерді түгелімен жаңарту жоспарланғанын жеткізді. Железнодорожный тұрғын алабында да электр желілері ауыстырылмақ.

Мәслихат депутаттары баяндамашыларға сұрақтар қойып, ұсыныстарын жеткізді. Комиссия отырысы қорытындысында олар жабық типтегі аялдама павильондарының санын арттыруды, жолдарды пайдалануға беру кезінде аялдамаларды орнату тәртібін реттейтін тәртіпті енгізуді, тұрғын алаптарды газға қосу жұмысын жеделдетуді ұсынды.



# ҰРПАҚ АЛҒЫСЫ – САРБАЗ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Менің нағашы атам – Ұлы Отан соғысының ардагері Мұқай Төлеуғалиұлы Мүсәпіров егер тірі болғанда, биыл 100 жасқа толар еді. Жүз жыл – бүтін бір дәуірмен пара-пар. Атам 1995 жылы өмірден өтті, бүгінгі күндерді көре алмады. Бірақ ол бізге уақыттың сынынан сүрінбей өткен құнды мұра қалдырды – ол соғыс жылдарындағы күнделігі.

1985 жылы зейнетке шыққан соң, атам көптен бері көкейінде жүрген бір істі жүзеге асырды: 1945 жылы қағаз бен қалам тапшы заманда, тригонометрия оқулығының беттеріне қара сиямен жазған естеліктерін жинақтап, оларды қызыл дәптерге көшіріп жазды. Бұл жазбалар – оның соғыс жылдарындағы өмірінің, соғыстан кейінгі ойларының тірі куәсі.

Сол күнделіктің кейбір беттерін сіздермен бөліскім келеді. Бұл жазбалар оқырманды сол кезеңге жетелеп, атам мен оның қарулас достарының иығына түскен ауыртпалықты, майдан даласында бастан кешкен қиындықтарды ешбір боямасыз түрде сезінуге мүмкіндік береді. Осы арқылы біз Отан үшін от кешкен ерлерді еске алып, рухына тағзым етеміз.

«Азан шақырып қойған атым – Мұхаммәдия. Әкем әскерге 1942 жылы май айында кетті. Аяғөздегі запастағы частіде дайындықтан өтіп, осы жылы ноябрь-декабрь айларында батысқа қарай жол тартты. Маған повестка 1943 жылдың 8 январы күні келді. Мен Ауылдық Советте 1942 жылдың апрель айынан бастап секретарь қызметін атқарушы едім. Бұл повестка бізге 1925 жылы туғандарға келді. Біздің ауылда олар: мен, Көкен, Орынғазы, Тәңірберген, Нысан, Ораз – осы алтауымыз едік. 11 күні ауылдан ауданға келдік. Ауданнан 13 күні Семейге жөнелтті. Бұл кезде әкей Курскіге келді. Содан хат келді. Осы хаттан кейін хат тоқтады» деп басталады алғашқы жазбаларының бірі.

«Мен соғысқа 1944 жылы апрель айының басында кірдім. Могилев қаласынан бергі 90 км жерде бекіністе орналас-

тық, «Сталиндік 5 соққы» немесе «Богратион» операциясы деп атаған Белоруссия жерін жаудан азат ету шабуылына июнь айында 2-Белоруссия майданы құрамында қатыстым. Бұл кез – басқыншыларды жерімізден түре қуып бара жатқан кез. Бір ұрыста бөлініп қалған біздің шағын тобымызға жаудың бөлімшелері артық күшпен қарсы атақаға шыққанда жараландым. Біз 30 шамалы ғана топ едік. Жау жағы 100-ден асады. Кейінгі батальон келіп жеткенше, біздің топ, әрине, қырылып қалды. Осы ұрыста әуелі қолдан, одан кейін аяқтан оқ тиді, тағы бірнеше жерден жарықшақтар тиіп жараландым. Ұрыс даласында қалдым. Ертеңінде сәскеде келіп санротаға алып келді».

«Бұл 1944 жылдың 29 июнь күні еді... Дәл осы сәт есіме түскенде күні бүгінге дейін денем түршігіп, суық тер жабады. Міне, осыны бастан кешкеннен кейін де соғысқұмарлар әрекетіне ашу-ызамен, кекті жүрепкен, аса күйзеліп-күйінеміз. Біздің ұрпақтарымыздың басына мұндай күй келмесе екен деп тілейміз» (1985 жыл. 7 май. Аудан. Мәдениет үйі.)

Соғыста қолын снаряд, аяғын мина жұлып кетсе, омыртқасын оқ опырып, қабырғасын қиратып кетсе, оған қанағат еткен нағашы атам «Соғыстың аты өшін! Аспанымыз ашық болсын! Әрбір таңымыз тыныштықпен атсын!» деп сөйлеген сөздерін де сол күнделікте жазып қойған.

Осындай тыныш таңды қарсы алып жүргеніміз үшін, ерлікпен ел қорғаған аталарымызға мың тағзым!

Тоғжан МҰҚАТАЕВА,  
Астана қаласы



Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Батыл тойтарыс» стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттығуға қатысып, былай деген болатын: «Бүгінде әлемдік қорғаныс жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі ұрыстардың әдіс-тәсілдері де басқа, әсіресе, гибридік соғыс түрлері кең таралуда. Шабуылдар әскери ғана емес, ақпараттық, психологиялық, саяси, экономикалық және басқа да сипат алуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан армиясы кез келген сын-қатерге дайын болуы қажет. Бұл – заманауи әрі кәсіби әскерге қойылатын басты талап. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – Қазақстан. Елімізді, жерімізді, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды қорғау – баршамызға ортақ қасиетті парыз!».

## ОТАН ҚОРҒАУҒА ӘРҚАШАН ӘЗІР

Осы сөздер өзінің өзектілігін әлі жойған жоқ және жоймақ емес. Сондай-ақ Мемлекет басшысының әскери қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, меритократия қағидаты негізінде мансапты өсіру мақсатымен әскери білім беру және кадрлық саясат жүйесін дамыту мәселелеріне баса мән беретінін білеміз.

Президент осыдан бірер жыл бұрын әскери қызметшілер мен әскери қызметтің әлеуметтік мәртебесін арттыру және жастарды әскери борышын өтеуге ынталандыру туралы тапсырма берген-ді. Көп ұзамай аталған бағытта бірқатар жұмыстар жүзеге асып, Отан алдындағы борышын атқарған үш мыңнан аса жас жігіттер еліміздің жоғары оқу орындарына қабылданып, студент атанды. Осылайша жоғары білім беру жөніндегі жеңілдіктерді ұсыну арқылы мемлекет бір

Майқанов және басқалар бар.

Әскери кафедраның запастағы офицерлерден құралған жоғары білікті профессорлық-оқытушылар құрамы студенттерді моральдық ұстамды, тәртіпті, әскери және мемлекеттік құпияларды сақтай білетін азаматтар ретінде дайындаумен қатар, түлектерге лауазымына сәйкес қызметтік міндеттерін абыроймен атқару үшін қажетті білім беріп, шеберлік пен дағдыларды қалыптастырады.

Әскери кафедрада сапалы білім беру үшін интерактивті құрылғылармен жабдықталған аудиториялар, компьютерлік сыныптар, саптық алаң, тактикалық алаң, әскери машиналар паркі, ату қалашығы, лазерлік-ату тирі, оқу қару-жарақтары және кітапхана бар.

Әскери кафедраға студенттерді қабылдау ҚР Қорғаныс министрлігі бекіткен мемлекеттік тапсырысқа сәйкес, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда бізде 777 сту-

ды. Конкурс өткеннен кейін ғана оқу орнының ректорына қанша студент грант, қаншасы ақылы негізде өткені туралы қабылдау комиссияның бекітілген Протоколы беріледі. Ректор осыдан кейін ғана студентті әскери кафедраға қабылдау жөнінде шешім шығара алады. Кафедрада әскери даярлықтан өткен әр студент үшін жауаптымыз.

«Әскери журналистика», «Ақпараттық-сараптамалық қызмет» және «Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмысын ұйымдастыру» сияқты мамандықтар бойынша қосымша мемлекеттік тапсырыс алынды. Сонымен қатар, біздің әскери кафедра барлауды ұйымдастыру, геоақпараттық, автоматтандырылған жүйедегі офицер мамандарды даярлап шығарады.

ЕҰУ әскери кафедрасын былтыр тұңғыш рет жеті студент әскери журналист мамандығы бойынша бітіріп шықты. Студенттер жалпы әскери дай-

жүргізу, арнайы ақпараттық операция ұйымдастыру, әскери қақтығыстар кезіндегі БАҚ-тың рөлі сияқты басқа да маңызды мәселелерді зерттеп, зерделейді.

Болашақ әскери журналистер өндірістік тәжірибе мақсатында Астана қаласында орналасқан газет-журналдарға барады. Олардың ішінде – республикалық «Егемен Қазақстан», «Казakhstanская правда», «Ай-қын», «Литер», «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» және тағы да басқа басылымдар бар.

Қазақтың қабырғалы қаламгері, майдан тақырыбының майталманы Жанболат Аудмжаев, әскери журналистиканың ардагері, отставкадағы полковник Сапарғали Жағыпаров сияқты корифейлердің журналистік шеберлік сабақтарынан студенттердің мол тағылым алғаны анық. Соның нәтижесінде болашақ әскери журналистер өздерінің тырнақалды туындыларын газет-журнал беттерінде жариялай бастады.

Мысалы, қазақ халқының даңқты ұлдары – Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығы құрметіне «Тумысы бөлек тұлға» және «Рухи биік хас батыр» атты ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткіздік. Өйткені әскери кафедра студенттерге арнайы біліммен қатар әскери-патриоттық тәрбие де беруге тиіс.

Күні кеше ғана Жеңістің 80 жылдығына орай «Екінші дүниежүзілік соғыс: тарихи сабақ және бүгінгі ұстаным» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткіздік. Оған ҚР Парламентінің депутаттары, танымал тарихшылар мен әскери ғалымдар, ҚР Қорғаныс министрлігінің, ҚР ІІМ Ұлттық ұланының, ҚР ҰҚК Шекара әскерлерінің басшылығы, ҚР Қарулы Күштерінің ардагерлері қатысып, сөз сөйледі. Конференцияда Ұлы Жеңісті ғылыми тұрғыдан жан-жақты пайымдау, соғыс жайындағы тарихи білімді насихаттаудың жаңа жолдары мен тәсілдерін іздестіру, оларды өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру туралы келелі әңгіме болды.

ҚР Үкіметінің қаулысымен «Жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілгені белгілі. Бұл құжатта тұтас бір бөлім жастардың бойында патриоттық қасиеттерді қалыптастыру мен дамытуға, оларды аға ұрпақтың және Қарулы Күштердің жауынгерлік дәстүрі негізінде тәрбиелеу ісіне арналған. Олай болса, бұл істен біз де тыс қалмауымыз керек.

Бір сөзбен айтқанда, біздің ұжымымыз алдында тұрған басты мақсат – запастағы офицерлерді сапалы дайындау екені анық. Сонымен қатар олардың бойына кәсіби біліммен қатар Отанға деген сүйіспеншілік сезімі мен патриоттық рухты сіңіруге барынша күш салатын болмыз.

Еділ ОРАЗОВ,  
Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университеті әскери  
кафедрасының бастығы,  
доғарыстағы генерал-майор



жағынан әскери қызметке деген жастардың ынтасын оятса, екінші жағынан оларға өмірдегі орнын табу үшін үлкен мүмкіндік беру отыр.

Ал енді Еуразия ұлттық университетінің әскери кафедрасына келетін болсақ, ол жиырма жылдан астам уақыттан бері еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту мақсатында запастағы әскери қызметшілерді дайындау ісіне субелі үлес қосып келеді. Содан бері әскери кафедра Қарулы Күштердің резерві ретінде 6,5 мыңнан астам запастағы офицерлер мен сержанттарды дайындап шығарды.

Әскери кафедраның түлектері қазіргі күнде жоғары мемлекеттік лауазымдарда, сондай-ақ Қарулы Күштер мен түрлі әскери құрылымдардың қатарында абыроймен қызмет атқаруда. Солардың ішінде: ҚР Жоғары білім және ғылым министрі – Саясат Нұрбек, ЕҰУ-дың стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры – Басқарма мүшесі – Думан Айтмағамбетов, академиялық мәселелер жөніндегі проректоры – Басқарма мүшесі Ардақ Бейсенбай, әкімшілік департаментінің директоры Әнуар

дент білім алуда. Олар запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша оқып жатыр. Бастапқы кезеңде біз студенттерді екі-ақ бағыт бойынша дайындасақ, қазір барлық әскери-есептік мамандық саны оннан асты.

Жыл сайын әскери кафедраға 1200-дей студент өтініш білдірсе, солардың ішінен тек 400-ге жуығы іріктеліп алынады. Әскери кафедраның жұмысы ҚР Қорғаныс министрлігі тарапынан жіті бақылауда болады. Студенттерді кафедраға министрліктің арнайы комиссиясы келіп қабылдай-

ындықтан бастап, ҚР Қарулы Күштерінің жарғыларын жаттап, тактикамен танысып, түрлі атыс қаруларын меңгеруі тиіс. Содан кейін таңдаған мамандығы бойынша пәндер тереңдетіліп оқытылады. Оның ішінде «Әскери БАҚ-тың теориясы мен практикасы», «Әскери тарих», «Арнайы насихат» тағы да басқа пәндер бар.

Таратып айтатын болсақ, әскери журналистер БАҚ бетінде мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін көрсету, қазіргі заманғы ақпараттық күрес пен оның тәсілдері, қарсы насихат



# ЖОСЫҚСЫЗ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТЫЯМЫЗ?

Қазақстанда бүгінде 2 мыңнан астам жеке сот орындаушысы жұмыс істейді екен. Яғни, қазіргі уақытта сот орындау құжаттарының барлығы дерлік 98 пайызы жеке сектордың қолында шоғырланған.

Бұл ретте жеке сот орындаушысының негізгі клиенттері екінші деңгейлі банктер, микроқаржы және коллекторлық ұйымдар, коммуналдық сектор кәсіпорындары. Атқарушылық өндірістердің едәуір бөлігі кредиттік жүктемесі жоғары және төлем қабілеті төмен жеке тұлғалардан қарызды өндіріп алуға байланысты. Яғни, халықтың әлеуметтік осал топтарынан.

«Ет бұзылса түз, түз бұзылса не себесің?» демекші, осыған байланысты жеке сот орындаушылардың кейбір проблемалық мәселелерін атап өткім келеді.

Бірінші. 2024 жылдың қорытындысы бойынша жеке сот орындаушылардың қарауында 9,1 млн-нан астам атқарушылық өндірісі болды. Орташа есеппен бір жеке сот орындаушыларға 4,3 мыңнан астам іс келеді. Салыстыру үшін, 2014 жылы жеке сот орындаушылар реформасы басталғанға дейін, бір мемлекеттік сот орындаушысына түскен жүктеменің ең жоғары көрсеткіші 1,5 мыңды құраған.

Жеке сот орындаушылардың шамадан тыс жүктелуі сот шешімдерінің орындалу сапасы мен тиімділігіне теріс әсерін тигізіп, азаматтардың заңды мүдделерінің бұзылуына әкеліп соқтыруда.

Жеке сот орындаушылар жұмысының тиімділігін арттыру үшін Франция мен Нидерландтың 10-15 көмекшісі бар бюроларға бірігу тәжірибесін қарастыруды ұсынамын. Мұндай модель Қазақстандағы қазіргі тәжірибеден айырмашылығы, сапасын жоғалтпай жеке сот орындаушыларға жылына 5-8 мың атқарушылық құжатты өңдеуге мүмкіндік береді.

Екінші. «Атқарушылық өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңмен арнайы шоттардан әлеуметтік төлемдерді, зейнетақыларды және т.б. өндіріп алуға тыйым салынған.

Алайда заңның бұл нормасы ересек бұзылуда. Мәселен, Аппатат партиясының қоғамдық қабылдауына үшінші топтағы мүгедек азамат И.дан жеке сот орындаушы азамат Ж.-ның әрекетіне шағым түсті, ол өтініш

берушінің арнайы шотынан 23910 теңге сомасында ақша алған. Прокуратураға, әділет органдарына және әкімшілік сотқа шағымдану нәтиже бермеді.

Үшінші. Төлем қабілетінің төмендігіне байланысты көптеген қарыз алушылар қарызды толық көлемде өтей алмайды. Бұл жағдайдан шығудың бір жолы қарызды бөліп төлеу болуы мүмкін. Алайда барлық жеке сот орындаушылар бұған келісе бермейді.

Мысалы, өтініш беруші Т. жеке сот орындаушылар Р.-ға пандемия кезіндегі шығындарға және басқа үш жеке сот орындаушылармен төлеу кестесінің болуына байланысты 450 000 теңге көлеміндегі несие бойынша қарызды бірден өтеу мүмкін еместігін хабарлады. 104 мың теңге жалақысына (55 мың теңге – жалдау ақысы) қарамастан, жеке сот орындаушылар өтінішті елемеді және бір ай ішінде оның шотынан негізгі қарыздың 125 210 теңгесін және осы соманың 25%-ын өз қызметі үшін төлем ретінде өндіріп алды.

Төртінші. Жеке сот

орындаушылардың өз міндеттерін жосықсыз орындауы. Келесі мысалды келтірейін. Азаматша Х., алты жасқа толмаған баласы бар жалғызбасты ана. Аңғалдығымен танысы үшін ұялы телефон сатып алуға несие рәсімдеген, ол оны алдап кеткен. Нәтижесінде 415 895 теңге қарыз және 83 917 теңге өсімпұл пайда болды. Өтініш беруші несие бойынша қарызды ай сайын төлеуге дайын екенін, бірақ мерзімін ұзартуды сұрады. Бұған жеке сот орындаушы азамат А. дерекі түрде қарызды дереу және толық көлемде өтеуді талап етті.

Сонымен қатар, қарыз өтелгеннен кейін жеке сот орындаушылардың жасырынып қалатын, қоңырауларға жауап бермейтін жағдайлар жиі кездеседі, нәтижесінде шоттар бұғатталған күйінде қалып, бизнес тоқтап қалады.

Адал жеке сот орындаушыларды іздеу де үлкен мәселе – автоматтандырылған жүйеде көрсетілген телефондарға қоңырау шалу мүмкін емес.

Бұған қоса, сот орындау құжаттарын орындау рәсімдері ауыр. Адамдар уақыттарын жоғалтып, тікелей ауыртпалықтарды алып тастауға тырысады.

Бұл мысалдардан жеке сот орындаушылар қыз-

метінің ашық емес және бақылаусыз екендігі туралы әсер қалыптасады.

Бұл тәжірибе заңнама бойынша олар сақтауға міндетті жеке сот орындаушылардың Кәсіби арнамыс кодексінің жұмыс істемейтіндігін көрсетеді.

Осыған байланысты келесі шараларды талқылауға ұсынамын:

1. Барлық төлемдерді бір атқарушылық өндірісіне біріктіріп, қарызды бірнеше жеке сот орындаушылар арасында бөлу тәжірибесіне тыйым салу.

2. Бірден төлеу мүмкін болмаған жағдайда, қарыз алушының қаржылық жағдайын ескере отырып, қарызды кесте бойынша өтеу рәсімін бекіту.

3. Жеке сот орындаушылар қызметіне міндетті сыртқы аудит енгізу.

4. Жеке сот орындаушылар рейтингі жүйесіне олардың әрекеттеріне түскен негізделген шағымдар үшін ұпайларды төмендетуді көздейтін өзгерістер енгізу.

Ұсынылған шаралар құқықтық мемлекет қағидаттарын және Қазақстан Республикасы Президентінің «Адал азамат» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ететініне сенімдімін.

Жанарбек ӘШІМЖАН, Мәжіліс депутаты

Салт-дәстүріне, ұлттық ерекшеліктеріне ерекше мән берген елдің іргесі берік, келешегі кемел. Өзге елге барғанда өз еліңмен айырмашылығын бірден байқайсың. Өз жұртыңның артықшылығын, кемшілігін бағалай аласың. Мұның өзі – Жаратушының әрбір халықтағы иләни белгілері, хикметі.

## ДӘСТҮРІНДІ БАҚҚАНЫҢ – ҮМІТІНДІ ЖАҚҚАНЫҢ

Тарих беттерін парактап қарасақ, басқыншы елдердің бодан жұртың айырым белгілерін, дәстүрлерін ұмыттыруға тырысқандығын көреміз. Сосын оларға өздерінің тілі мен дінін, салт-дәстүрін ұмытып, оның орнына өзгенің дәстүрін сіңіріп алған жұрттың болашағы жоқ. Ислам діні мұны құптамайды. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (оған Аллаһның салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандардың өзге халықтардың теріс әдет-ғұрыптарына еруге тыйым салған. Қазақ халқының ислам дінімен таныс болғанына мың екі жүз жылдан астам уақыт өтті. Содан бері салт-санасы, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті мұсылмандыққа бейімделіп, ақырында Ислам діні халық ділімен біте қайнасып, ұлттық болмыстың ажырасмас бөлігіне айналды.

Ислам шариғаты дұрыс ұғымдардың, ізгі мұраттарды бекітіп, бұрыс ұғымдарды тоқтату үшін келді. Сондықтан мұсылман халықтарындағы дәстүрлерді елеп-екшейтін басты безбен шариғат болып саналады. Халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптар ислам заңнамасындағы құқықтық нормалардың бастауларының бірі болып саналады. Алла Тағала Құранда: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал» деп бұйырған. («Аграф» сүресі, 199-аят).

Асылында, біз қарастырып отырған қазақ тіліндегі ғұрып, әдет сөздерінің түп-негізі араб тілінен шыққан. Мұның өзі халқымыздың шариғатпен сонау ықылым заманнан бері таныс болғанын білдіреді. Енді осы сөздерге жеке-жеке тоқталып, анықтамасын айқындап алайық. Қазақша «ғұрып» сөзі «әл-урф» сөзінен шыққан. Араб тілінде адамдарға үйреншікті болған, әдеттегі іс-әрекет, үрдіс деген мағынаны білдіреді, «Әл-урф» сөзінің шариғаттағы терминдік анықтамасы мынадай: «Ол ақыл-ойдың, логика-

ның құптауымен көңілдерге орныққан, адам табиғаты қабыл алатын нәрселер». «Әдет» сөзі арабтың «әл-аад» сөзінен шыққан. Мағынасы адамдар арасында көп қайталанатындықтан дағдыға айналған істерді білдіреді. Әдет және ғұрып сөздерінің мағынасы бір деуге болады. Кейбір шариғат кітаптарында «урф» сөздерін қолданса, енді біреулерінде «әл-аал» сөзіне басымдық берілген. «Дәстүр» сөзі де – арабша «дустур» деген сөздің қазақша баламасы. Арабша мағынасы іс-әрекет жасалатын ереже, заң дегенді білдіреді. Қазіргі араб тілінде бір елдің конституциясы деген мағынада қолданылады. Сірә, қазақ даласында ислам шариғаты мен дала заңдарының қосындысынан шыққан заңнамалық жүйе дәстүр деп аталса керек. Содан соң ата-баба дәстүрі, салт-дәстүр деген ұғымдар пайда болған жоғарыда аталған шариғат терминдерінің тілімізге ежелден еніп, кейіннен ауыспалы мағыналарда қолданылуы осындай пікірге жетелейді. Бұл жерде айқындап алуға тиісті бір мәселе бар. Әдетте қазақ тілінде салт-дәстүр, әдет-ғұрып деген сөз тіркестерінің мағынасы бір. Сондықтан халық арасында қалыптасқан, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын мәдени ерекшеліктер ретінде қарастырылады. Ханафи мазһабының ғұламасы Ибн Абидин әдетке мынадай анықтама берген. «Әдет деген сөздің негізі көп қайталанатындықтан үйреншікті іске айналған, адамдар арасында ешбір түсіндіруді қажет етпейтін танымал болған, шынайы ғұрыпқа айналған істер дегенді білдіреді». Демек, шариғат қабыл алатын ғұрып, әдет дегеніміз – адамның табиғатына танымал, ақыл да, заң да, адамгершілік таразысы да құптайтын оң істер.

«Бабалар ізімен қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп» кітабынан



## ЕСІМ ТАҢДАУДАҒЫ ЕСТІЛІК

Ержан ҚОЖАС

– Қазақ баланы санамайды. Санын да айтпаған, – дедім амандық сұрасқаннан соң. – Көпбалалы ана екеніңізді естіп, әдейі бұрылдым. Маған қызығы, балаларыңыздың аты болып тұр. Есім қоюда естілік танытқан сіздердің әулет жайлы сырттай естуім бар еді.

– Айтайын, Құдай берген, көз алдымызда тәрбиелеген жеті қыз, алты ұл бар. Көптік етпесін, Аллам, – деп ашыла сөз бастады Күләш апа. Іштей «он үш баланы дүниеге әкелген қазақ әйелін соңғы рет қашан естіп едім?» деп ойланып үлгергенше болмады, аласа бойлы, шағын денелі жаңақорғандық анамыз балаларының атын санамалай жөнелді.

– Үлкенім Ақнұр, сосын Гүлнұр, Нұргүл, Нұрмахан, Нұрсұлтан, Нұрлан, Нұрболат, ыммм, – деп ернін тістелеп сәл ойланды да, қайта жалғастырды. – Нұржамал, Нұрсұлу, Нұржігіт, Нұрғали, Балнұр, Нұрдана.

– Барлығы «нұр» екен, – дедім мен. Тіпті, бұрыннан біліп тұрсам да, Күләш апа ұл мен қызды санамалағанда таңданысымды жасыра алмағанмын.

– Қайындарымның үй шашарлары да осындай ғой, – деді ол бұл азық етсе, тағы да бар дегендей көзқарасымен.

– Рас па?

– Осы үйдегі ағаңнан кейінгі екі ұлдың балала-

Ертеректе Сыр бойындағы Жаңақорғанда болғанбыз. Аудан орталығын шарлап жүріп, несібесін адалынан терген отбасыға жолықтық. Үй егесі Асылбек – 25 жыл көлік жүргізушісі болған байырғы тұрғын. Нағыз еңбек адамы. Өзі ауылда жоқ болып шықты. Ал отанасы күнделікті тіршілікпен есік алдында жүр. Бізбен сөйлескен сол ғана.

рының атына «нұр» сөзі басы не аяғында тіркескен, – дейді аңқылдай күліп апамыз.

– Аттарын айтыңызшы.

– Қасымбектің балалары Айнұр, Нұрлыбек, Нұрман, одан кейін кім еді?! Осы жолы балалар есімінен шатаса бастаған Күләш апаға кіші қызы көмектесті.

– Мама, Нұрдәулет, сосын Нұрберген, – деп демеп жібергені сол еді, апамыз әрі қарай іле кетті.

– Әә, иә, одан соң Нұртөре, Нұрайлым, Нұрбибі. Бұл – ортаншы қайынымның сегіз баласы. Кіші қайыым Асқардан – Нұржан, Нұрмұхаммед, Нұрлыбай, Нұрислам.

– 25 «нұр» екен, – дедім мен іштей есептеп болған соң тапқырлық танытқандай.

– Енемнің қойғаны көбісі. Біз негізі үш келін бір шаңырақ астында 30 жыл тұрғанбыз. Екінші ұл Қасымбектің келіншегі Гүлжауһар келінмен бір

күнде келін болып түстік. Шынашақтай кемпір үш келінді 30 жыл қазақи дәстүрмен тәрбиелеген. Сол енемнің айтқаны ғой. Мына балалардың атын «нұр» сөзінен басқаға ауыстырғымыз келеді ғой. Енем марқұм «менің ертен талқаным таусылар, сол кезде «Лаура-Паура», «Айда-Сайданды» қойып аларсыңдар» деп бір-ақ рет кесіп айтты. Сол «нұрдан» алыстамадың, сол нұрға шомылған бақытты әулетпіз, мың шүкір.

– Жергілікті жердің атқамінерлері көмектесіп тұратын шығар...

– Шырағым-ай, қол жайып баруға жоқпын. Әр бала өз несібесімен туылады. Енем 1996 жылы қайтты. Содан кейін де бір шаңырақта үш келін ауыз-біршілікпен тұра бердік. 25 бала кешегі күнге дейін, дұрысы 2010 жылға дейін бір дастарқан басында тамақ ішіп, бірінің киімін бірі киіп, тату өсті

ғой, қарағым. Сенсең айтайын, түске дейін оқитын ұлдың аяқ киімін оған телес інісі есік бұрышында күтіп тұратын. Өйткені түстен кейін сабаққа баруға ағасының аяқ киімі керек. Сол кезде бәріне бірдей киім қайда?! Қазір не керек, бәрі бар. Еңбек ет, ақша тап, дүкенде толып тұр. Менің бір немеремнің өзінде жеті аяқ киім бар екен бүгінде. Шүкір ғой. Қазір бөлек шықтық. Бірақ қара шаңыраққа ұдайы жиналып тұрамыз.

Расымен, құрметті оқырман, отбасы бірлігін бекемдеген әулеттің көп балалы болғанымен қоймай, қазақы есімді берік ұстануында да үлкен мән бар. Кейінгі жылдары тым мәні қашыңқыраған есімдерді естіп жүрміз. Мағынасын да ашып айта алмаймыз. Есім таңдауда өзгелерге еліктеу басым ғой бізде. Мойындау керек.

Айтпақшы, пайғамбар жасынан асқан отағасы Асылбек Исаев ұлдарын

О баста әдебиетке деген ықыласы ерекше болса да әке-шешесінің қалауымен техникалық мамандық алу үшін Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтына оқуға түсті. Қазалы қаласындағы орта мектепті алдын медальмен бітірген жас жігітке қай білім саласы болса да қиындық тудырмас еді, сондықтан ол өзі қаламаса да үлкендердің бағыт беруімен түскен білім ордасында да өте жақсы оқыды. Бірақ «қасқырдың бөлтірігін қанша асырасаң да орманға қарап ұлуын қоймайды» демекші, әдебиетке аңсары ауа беретін. Сөйтіп, екіойлы болып жүргенде оның республикалық «Пионер» (қазіргі «Ақжелкен») журналына жіберген бір топ өлеңі жарқ ете қалды. Басылымның бас редакторы, арқалы ақын Фариза Оңғарсынова жас қалам иесіне ерекше ілтипат білдіріп, поэзияға жаңа бір дарынның келгенін қалың жұртқа паш еткенде, Амантайға таныс-білістері мақтау айтып, ақындық биігінен көрінгеніне сүйсініп жатты. Міне, осылардың бәрі оған ерекше әсер етіп, өзінің әдебиет үшін жаралған жан екенін сезінген-ді.

Шымкентте бар болғаны бір семестр оқыған соң бала арманының жолына түсуге біржола бет бұрған жас талап, өзіне үлкен білімнің жолын ашқан қаламен қоштасып, Алматыға жетті. ҚазҰУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсті, сөйтіп біржола әдебиет әлемінің тұрғынына айналды.

Журналистика факультетін қызыл дипломмен бітірген Амантай Шәріпті оқу ордасы басшылығы өзі оқыған жерге оқытушы етіп алып қалды. Ғылым жолына түсті. Әйтсе де поэзиядан алыстаған жоқ. Оның алғашқы «Құбыла» атты шымыр жыр жинағы жарық көргенде Амантай ақын ретінде біржола мойындалды. Әйтсе де, кезінде қазақ өлеңіне өзіндік леп әкелген осы жыр кітабы дер кезінде бағаланбай қалған сияқты. Себебі ол туралы кешірек айтылды. Кешірек деп отырғанын, 2015 жылы ақын 50-ге толған кезде барып Амантай поэзиясы туралы ақындар Шаһизада Әбдікәрімовтің, Төреғали Тәшеновтің және осы жолдардың авторының мақалалары жарық көрді. Олардың бәрі Амантай Шәріп шығармашылығы жайлы материалдардың басын қосқан «Төрт тоғыс» деген кітапқа енді.

Шынын айтайын, ол кезде оның әдебиеттану ғылымындағы еңбектерінен хабарсыздау едім. Бірнеше кітаптары шыққанын естігенмен қолмен ұстап, көзбен көрмеген соң не дей аласың? Менің ойымда оның «Құбыла» жыр жинағын оқығанда қалған әсерлер ғана болатын. Содан болар, мақалама өзінің бір сөзіне сүйеп, «Ақындық қана мәңгілік» деп тақырып қойғам. Маған оның ғалымдығынан гөрі ақындығы биік секілді көрінетін. Өзім де ақын ретінде көргім келетін. Телефон арқылы сөйлескенде де бұл ойымды өзіне айтып едім, ол:

– Ақындыққа не жетсін, бірақ ғылымның жөні бір бөлек қой. Поэзия да керек, бірақ әдебиеттану ғылымы да өте қажет сала. Елдің бәрі ақындықтың жолына түсіп кетсе әдебиет ғылымы қалай дамиды? Онда да айтылмаған сөз көп, зерттеуін күтіп жатқан тақырыптар жетеді, – деді.

Одан кейін де талай рет телефонмен сөйлесіп тұрдық. Әдебиет мәселесі сөз болғанда ол кісі шабыттанып кетеді, тіпті, сағаттап сөйлесетін кездеріміз болады. Бірде поэзиядағы саздылық, қазақ жырындағы ізденістер жайында пікірлесіп жатқанымызда оқыстан ол:

– Біздің поэзияны құртып жүрген нәрсе – ұйқас, – деп қалды.

– Қалайша? – дедім таңырқап.

– Ұйқассыз қазақ өлеңі қалай өлең болады?

# «БІР ҒАЛЫМДЫ КӨРСЕҢІЗ...»

Амантай Шәріп – есімі әдебиет әлеміне белгілі қаламгер. Ақын, аудармашы, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері. Шығармашылықты мектеп жасынан бастаған оның оқушы кезінен өлеңдері мен мақалалары баспасөз бетінде жарияланып тұрған. Кейін өзі де еліміздегі бірқатар ақпарат құралының тізгінін ұстады.

– Әрине, өлең мүлде ұйқассыз болуы керек деп жатқаным жоқ, – деді Амантай аға. – Қарашы өзің! Қай нәрсенің де артықшылығы соның кемшілігі болып шығады кейде. Бізде өлеңдегі басты нәрсе – ұйқасы саналады да, көбі әйтеуір ұйқастырғанға мәз. Қаптаған халтурщиктер қайдан шығып жатыр десең, оған себеп – сол ұйқасты меңгеріп алу. Басқасына басын ауыртып жатқан адам аз. Өлеңде ой, сезім, философия, музыка тұтасып тұрмаса, сыртқы жылтырақ өлеңнің бар жүгін бір өзі көтере алмайды. Мойындаймыз, қазір қазақ өлеңіндегі ұйқастыру шеберлігі жоғары, өте дамып кеткен. Ұйқасы жөнінен Абай тұсындағы поэзия қазіргімен шендесе алмайды. Бірақ неге біз бүгінгі техникалық жағынан дамыған өлеңдерді оқып түк әсер алмай, Абайдың өлеңдеріне қайта орала береміз? Мәселе – мәнде, тереңдікте. Ой салар сөзде. Ой мен сезім, философия мен саз үйлесіп, бірбүтін туындыға айналаса, бәрі бекер. Өлеңдегі жаңалық формализм емес, мән-мағына тереңдігі. Неге қазақ поэзиясы әлемге танылмай жатыр? Өйткені өзге тілге аударылғанда өлеңдегі ой мен сезім қалады да, түпнұсқадағыдай әдемі ұйқасып, жүйіктіп тұрмауы әбден мүмкін.

Бізде өлеңдегі басты нәрсе – ұйқасы саналады да, көбі әйтеуір ұйқастырғанға мәз. Қаптаған халтурщиктер қайдан шығып жатыр десең, оған себеп – сол ұйқасты меңгеріп алу. Басқасына басын ауыртып жатқан адам аз

Әлемдік поэзияда мағына, ой мен философияға мән беріледі. Мұны айтқанда, ұйқасты тастап елдің бәрі ақ өлең, верлибр жазып кетсін деп жатқаным жоқ. Әр ұлттың болмысынан туындайтын өз поэзиясы бар. Ұйқаспен жазылған өлеңдер далада қалып жатқан жоқ. Басқасын айтпағанда, Шығыстың әйгілі әлем біледі ғой. Демек, оларды тереңдігі үшін, мәңгілік тақырыптарды жеріне жеткізе жырлап, көркемдік биігіне көтерілгені үшін құрметтейді!..

Нағыз ғалымның сөзі. Ғалым болғанда да, өзі де бір кезде поэзияда тер төккен, танылған сұңғыла ғалымның сөзі. Оған не дау айтарсың?

Амантай Шәріптің тағы бір жеті жұлдызы да өлеңді ұйқаспен жазған, алайда оларды күллі әлем біледі ғой. Демек, оларды тереңдігі үшін, мәңгілік тақырыптарды жеріне жеткізе жырлап, көркемдік биігіне көтерілгені үшін құрметтейді!..

Нағыз ғалымның сөзі. Ғалым болғанда да, өзі де бір кезде поэзияда тер төккен, танылған сұңғыла ғалымның сөзі. Оған не дау айтарсың?

Амантай Шәріптің тағы бір жеті жұлдызы да өлеңді ұйқаспен жазған, алайда оларды күллі әлем біледі ғой. Демек, оларды тереңдігі үшін, мәңгілік тақырыптарды жеріне жеткізе жырлап, көркемдік биігіне көтерілгені үшін құрметтейді!..

Нағыз ғалымның сөзі. Ғалым болғанда да, өзі де бір кезде поэзияда тер төккен, танылған сұңғыла ғалымның сөзі. Оған не дау айтарсың?

еңбек сіңіріп жүрген ол көптеген түркі тілдерін жақсы біледі.

– Мен әзербайжан ақындары Гусейн Джавид пен Бахтияр Вагабзаденің шығармаларын өз тілінен аудардым, – деді ол бірде әңгіме үстінде. – Нені аударсаң да, түпнұсқасын түсініп аударғанға жетпейді.

Дұрыс айтады, қандай аудармаға да түпнұсқа төреші. Кеңестік кезеңде біздің әдебиетте аударма ісі орыс тілі арқылы жүрді, яғни, әлемдегі қай ұлттың шығармасын болса орыс тіліндегі нұсқасынан аудардық. Соның себебінен олардың көбі өз дәрежесінде шықпады, әсіресе, поэзиялық туындыларда. Тек тәуелсіздіктен бергі жерде ғана бізде түпнұсқадан аударатын мамандар пайда болып, аударма ісі өзгеше өң алды. Амантай Шәріптің де аудармалары сол бағытта.

Оның тәржімаларының ішінде әзербайжанның көрнекті ақыны Бахтияр Вагабзаденің «Гүлістан» поэмасы ерекше орын алады. Себебі бұл – таңдырлы шығарма. Вагабзаденің 1959 жылы жазылған, бірақ сол кездегі саяси жағдайға байланысты ресми түрде жарияланбаған шығармасы әзербайжан халқының, мемлекетінің тарихындағы қасіретті бір кезеңді бейнелейтін еді. Поэмада 1813 жылы Ресей мен Иран арасында жасалған Гүлістан келісімінің нәтижесінде Әзербайжанның екіге бөлінуі – солтүстік бөлігі Ресей империясына, ал оңтүстік бөлігі Иранға қарауы терең поэтикалық және тарихи тұрғыда суреттелген. Автор тұтас бір елдің әділетсіздікпен екіге бөлінуі трагедиясын айта отырып, тарихи әділетсіздікке қарсы шығады, халықтың азаттығы мен бірлігі үшін күреске үндейді, елінің тарихын, мәдениетін, сол арқылы болашағын қорғауға шақырады.

Амантай Жарылқасынұлының аударма саласындағы еңбегі мұнымен бітпейді. Ол «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарияланған бірегей жоба – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасына қатысып, британдық дінтанушы, философ Карен Армстронгтың «Құдайтану тарихы» кітабының аудармасына редактор болды. Бұл туралы ол баспасөзге берген сұқбатында былай дейді:

– Бір тілден екінші тілге аударма жасау да албетте оңай емес. Өйткені біріншіден, ол – менталитеттің мәселесі. Ағылшын басқаша, біз басқаша ойлаймыз. Сондықтан, бір тілдегі ұғымды екінші тілге ұғынықты етіп жеткізу күрделі. Кітап маған редакторлыққа келгеннен кейін туындыны бірізге түсіруге тырыстым. Өйткені бір ғана терминді қазақ тіліне кіркітірудің өзі қиын.

Меніңше, ғалымның бұл пікірінің аудармашы боламын деген адамға берері көп. Әйтпесе, бізде қазір өзін редактор санайтындар қаптап жүр. Өз тілінде жазылған кітапқа редактор болу үшін үлкен білім, мол тәжірибе болуы қажет.

2019 жылдың жазында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы аясында қазақ тіліне аударылған 30 жаңа



Әр аймақ тарихта еңбегі барын да, жоғын да әспеттеп, ауыл сайын бір ба-тыр, бір би тауып насихаттау жолына түсіп, даңғазаға елтіп жатқанда Амантай Шәріп ұлттық болмысты сақтау жолында басын бәйгеге тіккен, елдің жүрегінен отын сөндірмей азаттыққа ұмтылдырып отырған сөз зергерлерінен қалған мұра-ның мән-маңызына үңіліп, үлкен идея-лардың қайдан шыққанына ел назарын бұрды. Сөйтіп көз майын тауыса отырып «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» атты тамаша еңбегін жазып шықты

оқулықтың тұсаукесеріне арналған конференцияда Амантай Жарылқасынұлымен кездесіп қалдым. Бұл жоба «Ұлттық аударма бюросы» тарапынан жүзеге асып жатқанын білсем де, ол кісінің соған қатысып жүргенінен хабарсыз едім. Сондықтан бұл жиынға ғалым ретінде шақырылған шығар деген ойда болдым. Бірақ ағаның мұнда келуінің себебі мен ойлағаннан басқаша екен:

– Бұл жобаға мен аудармашы және редактор ретінде қатысып жатырмын, – деді ол. – Тұтастай бір томды өзім аударып, өзім редакциясын жасадым. Тура бір кітап жазып шығатын уақытым кетті...

Таң қалдым. Кейін қарасам, «Әдебиет теориясы. Антология» сериясымен шыққан бес томдық кітаптың 4-томының аудармашысы да, жалпы редакциясын басқарған да, әдеби редакторы да, жауапты шығарушысы да – бір адам. Амантай Шәріп! Сен бесеніздер, интернеттен ореп-көркем шығарма жазу – бір басқа да, ғалымдық бір басқа. Сондықтан мен ақындығы һәм аудармашылығымен салыстырғанда, бүгінде Амантай Шәріптің ғалымдығы басымырақ дер едім.

Баршамызға белгілі академик Асқар Жұмаділдаевтың бір сөзі бар ғой, «Рух, рух деп мын рет айқайлағанмен ештеңе шықпайды, ешкімнің одан рухы көтеріліп кетпейді. Сондықтан бос айқайлай бергенше бірдеңе жасау керек» дейтін. Осы пікірдің дұрыстығына Амантай Шәріптің ғылымда атқарған қыруар шаруаларынан хабары бар адамның көзі жететін шығар деп ойлаймын.

Өкініштісі, бос сөйлеуге үйірлік, өзі ештеңе тындырмаса да мәселенің байыбына бармай өзгені күстәналағыштық әлі қалмай келеді. Ол да бір кеңестік кезеңнің науқаншылық психологиясынан арыла қоймағанымыздан шығар. Бірақ, Құдайға шүкір, «үлкен істі үндемей жасайтындар» сирек те болса табылады. Сол аждардың қатарында біздің кейіпкеріміз де бар. Ол өзге жұртқа ұқсап «өйту керек», «бұйту керек» деп ұрандамай-ақ ғылыми-зерттеулерін жүргізді. Ең алдымен, 29 жасында Алаш арыстарының бірінің шығармашылығын зерттеп, «Сұлтанбек Қожанұлының әдеби-публицистикалық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады және бір-екі жылдың ішінде «Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші», «Қайраткердің қаламгерлігі» атты зерттеу еңбектерін жариялады. Түрлі қызметтер атқара жүріп, ерінбей-жалықпай ізденісін жалғастыра берді. Соның нәтижесінде «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» (2000), «Алтын арқау» (2009), «Сөз өнері және ұлттық рух» (2010), «Рух пен рәміз» (2013), «Егеулі қалам» (2024), т.б. кітаптарын жазып жариялады. Бұлардың ішінде қайыра басылып шыққандары да бар.

А.Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» кітабы сол кездегі жаңалығы мол, әлі де берері көп пайдалы кітаптың бірі десек, артық айтпаспыз. Өйткені енді тәуелсіздік алып, еңсе көтерген елдің рухани әлемін жаңарту, жаңғырту үдерісінің дұрыс жолға бағыттау аса қажет еді. Жасыратын несі бар, лыдан қадір қашқан бір кездер болды. Сондайда ұлтты сақтау үшін қолына қалам алғандардың қолына қару ұстағандардан бір

кем тер төкпегенін дәлелдеп таныту ісі аса маңызды еді. Әр аймақ тарихта еңбегі барын да, жоғын да әспеттеп, ауыл сайын бір ба-тыр, бір би тауып насихаттау жолына түсіп, даңғазаға елтіп жатқанда Амантай Шәріп ұлттық болмысты сақтау жолында басын бәйгеге тіккен, елдің жүрегінен отын сөндірмей азаттыққа ұмтылдырып отырған сөз зергерлерінен қалған мұра-ның мән-маңызына үңіліп, үлкен идеялардың қайдан шыққанына ел назарын бұрды. Сөйтіп көз майын тауыса отырып «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» атты тамаша еңбегін жазып шықты. Еңбектің кіріспесінде ол сөз өнерінің қазақтың рухани әлемін сақтаудағы рөлі туралы былай дейді: «...Ұлттық поэзия қай тұста да елдік мұрат пен мүдденің, арман мен аңсардың шығармашылық шежіресі болуымен қатар, зобалаң замандарда азаттық жолындағы арпалыстың қуатты құралы ретінде де риясыздық танытты. Сондай-ақ халық рухының беркіну мен божырау сәттерін сұңғылалықпен суреттеп, керек кезінде тиесілі баға берді. Қилы кезеңдердің қыспағында ширап-шыныққан өлең өнерінің өзінің де тақырыптық тұрпаты үздіксіз жаңғырып-жаңаланып, көркемдік кестесі үнемі түлеп, толысып отырды. Сөз жоқ, түрімен қоса, мазмұны да ұлттық (таптық емес!) әдебиеттің ғана өміршен, өскелең келетіндігі қазір артық дәлелдеуді қажет етпейді».

Бір әңгімелескенімізде оған сұрақ қойдым:

– Соңғы кезде түбі бір түрік-текестер жайлы жиі жазып жүрсіз, оның себебі не? – деп. Сонда ол:

– Кеңестік кезде әліпбиімізді әртүрлі қылып, әрбірімізге шекара сызып беріп, өзара қарым-қатынасымызға сызат түсіретін түрлі әрекеттер жасалды ғой, әсіресе тарих мәселесінде. Соның кесірінен мәдени көзқарастарымыз алшақтап кеткен жайлар болды. Ал тілдік тұрғыда, кейбір салт-дәстүрімізде аздаған өзгешелігіміз болғанына қарамастан рухани жақтан біртұтас әлемнің перзенттеріміз. Соны үңіле қараған адам бәрін сезіп білер еді, – дей келіп, өзінің бір зерттеуі туралы айтты.

Шынын айтсам, домбыраның қазаққа, ноғайда, өзбек жұртының кей аймағында барынан хабарым бар еді, ал Амантай аға оны індете зерттеп, көп мәліметтер келтіреді. Енді содан үзінді келтірейік:

Башқұрт пен татар домбыралары (башқұртша – думбыра, татарша – думбра) XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қолданыстан шығып қалғаны, оның орнын мандолина, скрипка, балалайка секілді аспаптар басқаны – тарихи факт. Ұлт-азаттық қозғалыстың алдыңғы шебінде жүрген башқұрт жыршылары – сәсәндер эпикалық шығармалар мен құбайырларды домбыраның сүйемелімен орындаған. Патша өкіметі сәсәндерді қудалап, нәтижесінде домбыраға тыйым салған...

Өзбек домбырасы XX ғасырдың 50-жылдарының ортасына дейін зерттеу нысанына айналмаған. Домбыра, негізінен, Өзбекстанның Сұрхандария мен Қашқадария уәлаяттарына тән. Ол – дастан орындайтын бақшылар мен шайырлардың тұрақты сүйемел аспабы.

...Жақында Амантай ағамен сөйлесіп, сұхбат алғым келетінін айттым. Ол кісі уақыты жоқтығын айтып бас тартты. Нағыз ғалымдар жарнамаға жоқ қой, сондықтан амалсыз осылай сыр-сұхбат жасауға тура келді. Әйтпесе, ол кісіге қояр сұрағымыз да, алар жауабы да аз болмас еді. Дей келгенде, ғылымға шын берілгендердің бос сөзге уақыты жоқ, білгісі келгендер кітабын оқысын.

Ахмет ӨМІРЗАҚ

# 10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№950 (4794) 01/05/2025 Бейсенбі

## ДҮЙСЕНБІ

### 5 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран  
6:05 «Жаңа орман». Деректі фильм.  
7:00 «TANSHOLPAN».  
10:10 «Зейнеп». Телехикая.  
12:10 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.  
13:10 «Қызық екен...»  
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.  
15:00 «Қос палата»  
15:20 «Еңбек адамы». Арнайы жоба  
15:50 «ТАТУ-ТӨТТІ». Реалити шоу.  
17:00 АҚПАРАТ  
17:10 «Әскери ант». Телехикая.  
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.  
20:00 АҚПАРАТ  
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».  
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». Телехикая.  
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.  
23:15 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама.  
0:15 «Жарқын жүздесу»  
2:05 «Ашық алаң».  
2:55 «Сана»  
3:55 «Тату-тәтті». Реалити шоу.



5:00 “Дүлдүлдер дүбірі”  
6:00 Телехикая. “Паленшеевтер 4”  
7:00 “Оян!”  
9:00 Мультсериал. “Питэр Пэн”  
